




**ЖАҢАРҒАН ОРТА ЖАНҒА ТЫНЫС**

3-БЕТ | ЕЛОРДА ТЫНЫСЫ



**ЖЕКЕ ДЕРЕКТЕР ҚАЛАЙ ҚОРҒАЛАДЫ?**

5-БЕТ | МӘСЕЛЕ


№96 (4994)
Сенбі
15 тамыз
2026 жыл

# ASTANA AQSHAMY

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

ELORDA AQPARAT




Астананы одан әрі дамыту мақсатында қаладағы 1,7 млн шаршы метр қолданыстағы тұрғын үй қорын сүріп тастау жоспарланып отыр. Оның басым бөлігі жеке секторға тиесілі болмақ.

Астана аумағын дамытудың 2035 жылға дейінгі жаңартылған бас жоспарына сәйкес, ескірген және апатты жағдайдағы тұрғын үйлермен қатар, саяжайлар, гараждар және аз қабатты құрылыс нысандары орналасқан аумақтар да босатылмақ. Сонымен қатар 2035 жылға дейін жалпы көлемі 1,713 млн шаршы метр тұрғын үй қорын сүріп тастау көзделген. Бас жоспарды іске асырудың бірінші кезеңінде, яғни 2030 жылға дейін 484 мың шаршы метр тұрғын үйді бұзу жоспарланып отыр. Сүрілетін тұрғын үйлердің басым бөлігі, яғни 95%-ы жеке тұрғын үйлер болады.

Жексенбі күні елімізде Спорт күні аталып өтеді. Ал Астана бүгінгі таңда республикалық және халықаралық жарыстарды ұйымдастыратын ірі спорт ордасына айналып отыр. Жалпы биыл елордада 1208 спорттық-бұқаралық іс-шара өткізу жоспарланған.

8

# ЕЛОРДА – СПОРТ ҚАЛАСЫ















**15-16 ТАМЫЗ**

**Бас қаладағы Жошы хан көшесі, 16/2 мекенжайындағы Qazaq Creative Hub алаңында республикалық Creative Aimaq жобасы аясында Жетісу облысының дәстүрі, мәдениеті, өнері мен заманауи шығармашылығын дәріптейтін жәрмеңке өтеді. Екі күн бойы елорда тұрғындары мен қонақтары өңірдің ұлттық мұрасы мен шығармашылық әлеуетімен таныса алады.**

## «SAILAU AI» ЖИ-КӨМЕКШІСІ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ

«Үйде отырып-ақ қалай дауыс береміз?», «Есептен шығару куәлігін қалай аламыз?», «Сайлаушылар тізімінде болмасақ не істеу керек?» және тағы басқа сұрақтарға Орталық сайлау комиссиясының ресми сайтында жұмыс істейтін «Sailau AI» көмегімен оңай жауап ала аласыздар.

ЖИ-көмекші қазақ және орыс тілдерінде тәулік бойы, аптасына 7 күн ақпарат ұсынады. Ол Alem LLM тілдік моделі негізінде әзірленген. ЖИ-көмекші Қазақстан Республикасының Конституциясы, конституциялық заңдары және өзге де нормативтік құқықтық актілері негізінде сайлауды ұйымдастыру және өткізу мәселелері бойынша ақпаратты іздеуге және ұсынуға арналған. Sailau AI көмекшісін Telegram мессенджерінен де табуға болады. Ұсынылатын жауаптардың



сапасы мен дәлдігін арттыру мақсатында қазіргі уақытта ассистентті кезең-кезеңімен қосымша жетілдіру жұмысы қатар жүргізілуде.

## ЕЛ БАЛАЛАРЫ – ЕЛ ТӨРІНДЕ

Бас қаламызға «Астана – менің Отанымның елордасы» әлеуметтік туры аясында 330-дан астам оқушы келді.




Елорда әкімдігінің қолдауымен «Astana Tourism» туризмді дамыту орталығы ұйымдастырған «Астана – менің Отанымның елордасы» әлеуметтік туры жалғасып жатыр. Жаз басталғалы бері елордаға Абай, Ақмола, Атырау, Жамбыл, Қостанай, Қызылорда, Түркістан және Ұлытау облыстарынан 335 оқушы келіп үлгерді. Тамыз айының соңына дейін әлеуметтік тур аясында Қазақстанның барлық өңірінен 500-ден астам баланың Астанаға келуі жоспарланып отыр. Алдағы апталарда қалаға тағы 165 оқушы келеді. Олардың қатарында Солтүстік Қазақстан, Батыс Қазақстан, Атырау және Қарағанды облыстарының балалары бар. Бағдарлама бойынша 23 шілде мен 26 тамыз аралығында бірнеше топтың сапары ұйымдастырылады. Үш күн ішінде балалар елорданың тарихымен, мәдениетімен және көрікті жерлерімен танысады.

№96 (4994) 15/08/2026 Сенбі

АҚОРДА



# САЙЛАУҒА ДАЙЫНДЫҚТЫ БАЯНДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Орталық сайлау комиссиясының төрағасы Нұрлан Әбдіровті қабылдады.

Президентке 23 тамыз күні өтетін Қазақстан Республикасы Құрылтайы депутаттарының сайлауына дайындық барысы туралы мәлімет берілді. Ал Мемлекет басшысы бұл сайлау науқанының тарихи сипаты мен қоғамдық-саяси маңызы айрықша екенін атап өтіп, оны «Заң мен тәртіп» қағидаты негізінде ашық әрі барлық қатысушыға тең жағдай жасау арқылы өткізу қажеттігіне баса назар аударды.

# ЖЕДЕЛХАТ ЖОЛДАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Президент Асиф Али Зардари мен Премьер-министр Шахбаз Шарифті Пәкістанның ұлттық мерекесі – Тәуелсіздік күнімен құттықтап, жеделхат жолдады.

Мемлекет басшысы жеделхатында орнықты даму жолында Пәкістанның айтарлықтай табысқа жеткеніне тоқталып, екіжақты және халықаралық күн тәртібінің ауқымды мәселелері бойынша ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға ұдайы бейіл екенін білдірді. Қазақстан Президенті Премьер-министр Шахбаз Шарифтің елдеріміздің өзара ықпалдастығына тың серпін беретін Астанаға мемлекеттік сапарына ерекше ден қойып отырғанын атап өтті, сондай-ақ Асиф Али Зардари мен Шахбаз Шарифтің жауапты қызметтеріне табыс, ал Пәкістан халқына құт-береке тіледі.

ҮКІМЕТ

# АСТАНАДА ЖАҢА МЕКТЕП САЛЫНАДЫ

Мемлекет басшысының әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту және азаматтардың өмір сүру сапасын арттыру жөніндегі тапсырмасын орындау аясында Үкімет әлеуметтік маңызы бар жобаларды жүзеге асыруды жалғастырып жатыр. Осы мақсатта Астанада заманауи мектеп салуға арнаулы мемлекеттік қордан 7 млрд теңге бағытталды.

1200 оқушыға арналған жаңа білім беру нысаны елорданың Нұра ауданында бой көтеруде. Қазіргі уақытта нысанда құрылыс-монтаж жұмыстары жүргізіліп жатыр. Жобаны келер жылдың соңына дейін аяқтау жоспарланған. Мектеп салу қажеттілігі халық санының өсуіне байланысты туындап отыр. Қазіргі уақытта құрылыс аумағында 4 мемлекеттік мектеп жұмыс істейді, алайда оқушы орындарының тапшылығы бар. Жаңа нысан елордадағы №84, №85, №89 және №97 мектептерге түсетін жүктемені азайтуға мүмкіндік береді.

Жалпы қайтарылған активтер азаматтар үшін практикалық маңызы бар жобаларды жүзеге асыруға бағытталуда. Үкімет 610 млрд теңгеден астам сомаға 500-ден астам әлеуметтік жобаны қаржыландыруды мақұлдады. Қаражат бүкіл ел бойынша білім беру, денсаулық сақтау, спорт және коммуналдық инфрақұрылым нысандарын салуға және жаңғыртуға бөлінуде. Білім беру саласында жалпы құны 64,4 млрд теңге болатын 17 жобаны жүзеге асыру мақұлданды. Бұл қаражат жаңа білім беру инфрақұрылымын салуға және балалар мен жастардың білім алуына заманауи жағдай жасауға бағытталды.




# МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ МІНДЕТ ЖҮКТЕДІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық банк төрағасы Тимур Сүлейменовті қабылдады. Мемлекет басшысы 2026 жылғы қаңтар-шілде айларындағы ақша-кредит саясатын жүзеге асыру қорытындысы туралы есепті тыңдады. Қасым-Жомарт Тоқаевқа экономикадағы жағдай, іскерлік белсенділік, инфляцияға әсер ететін факторлар және бағаны тұрақтандыру мақсатында қабылданып жатқан шаралар жөнінде баяндалды.



Жылдық инфляция он ай қатарынан төмендеп, шілдеде 10,2 пайызды құрады. Бұған жүргізіліп отырған ақша-кредит саясаты, теңге бағамының нығаюы, тұтыну белсенділігінің тұрақталуы, сондай-ақ Үкімет пен Ұлттық банктің инфляцияға қарсы бірлесе қабылдаған жан-жақты шаралары ықпал етіп отыр.

Ұлттық банк төрағасы Президентке экономиканы несиелеу динамикасы туралы мәлімдеді. 2026 жылдың 1 шілдесіндегі жағдай бойынша банктердің бизнеске берген кредиттерінің несие портфелі жылдық мәнде 17,1 пайызға ұлғайған. Бұл ретте шағын және орта бизнесті кредиттеу қарқыны 29,6 пайызға дейін жеделдеген. Ал тұтынушылық кредиттің өсуі жыл басындағы 21,0 пайыздан 13,0 пайызға дейін баяулаған. Бұл қабылданған пруденциялық шаралардың тиімділігін және тұтынушыларды кредиттеу қарқыны қалыпқа келгенін көрсетеді. Осылайша, кредит ресурстары бизнесті қаржыландыруға көбірек бағыттала бастады.

Қасым-Жомарт Тоқаев валюта нарығындағы жағдайдан, Ұлттық қор мен БЖЗҚ активтерінің, сондай-ақ елдің алтын-валюта резервтерінің жай-күйінен хабардар болды. Биыл 1 шілдедегі көрсеткіш бойынша Ұлттық қор мен алтын-валюта резервтерінің жиынтық көлемі 127,3 миллиард долларды құрады. Alatau City қаржы экожүйесін дамыту мақсатында Ұлттық банк капиталдың жылдам әрі икемді қозғалысын қамтамасыз етуді және қаланың дамуына инвестиция тартуды көздейтін шаралар әзірледі.

Ұлттық қордың инвестициялық кірісі бірінші жартыжылдықта 2,3 миллиард долларға жетті. БЖЗҚ-ның зейнетақы активтері жыл басынан бері 1,7 триллион теңгеге ұлғайып, 27,8 триллион теңгені құрады.

Мемлекет басшысына цифрлық қаржы активтері индустриясы мен Ұлттық цифрлық қаржы инфрақұрылымын дамыту бойынша тапсырмаларының орындалу барысы таныстырылды. Трансшекаралық төлем жасау үшін стейблкоинді қолдану, инфрақұрылымды дамыту мен токенделген мемлекеттік активтерді шығару жаңа бағыттар ретінде аталды. Сондай-ақ төлем нарығының жаңа сегменті – лицензияланатын бірінші санаттағы төлем ұйымдары қолданысқа енгізілді. Бұл бәсекелестікті ынталандыруға мүмкіндік беріп, клиенттердің шығындарын азайтады және халық пен бизнес үшін инновациялық цифрлық сервистердің қолжетімділігін кеңейтеді.

19 шілдеден бастап Ұлттық төлем жүйесі аясында кез келген банктің клиенттеріне өзара QR арқылы төлем жасауға және телефон нөмірі бойынша ақша аударуға мүмкіндік беретін тетік іске қосылды. Жүйе жұмыс істей бастаған сәттен бері жалпы сомасы 170 миллиард теңге болатын 6,5 миллион операция өңделді. Тимур Сүлейменовтің айтуынша, Ұлттық банк баға тұрақтылығын қамтамасыз етіп, инфляцияны орта мерзімде 5 пайызға дейін төмендету үшін барлық қажетті шараны қабылдап жатыр.

Кездесу соңында Президент Ұлттық банк қызметі бойынша бірқатар міндет жүктеп, инфляцияны одан әрі тұрақтандырудың маңызына назар аударды.

# G20 САММИТІНЕ ҚАТЫСАДЫ

Сыртқы істер министрі Ермек Көшербаев АҚШ Мемлекеттік хатшысының Оңтүстік және Орталық Азия істері жөніндегі көмекшісі Пол Капурмен кездесіп, тараптар «G20» саммитіне дайындық мәселелері жөнінде пікір алмасты.

СІМ хабарлағандай, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев АҚШ Президенті Дональд Трамптың шақыруымен осы жиынға барады. «Үлкен жиырмалық» саммиті 2026 жылғы желтоқсанда Майамиде өтеді.

# ОҢТҮСТІК КОРЕЯҒА ЖОЛ АШЫҚ

Қазақстан ресми түрде Оңтүстік Кореяның Employment Permit System (EPS) – шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсат беру жүйесіне қатысушы елдердің қатарына енді.

Бүгінде бағдарламаға, Қазақстаннан бөлек, Филиппин, Моңғолия, Шри-Ланка, Вьетнам, Таиланд, Индонезия, Пәкістан, Камбоджа, Қытай, Бангладеш, Шығыс Тимор, Непал, Мьянма және Лаос қатысады. Орталық Азиядан Өзбекстан, Қырғызстан және Тәжікстан да осы жүйеге мүше. Қазақстан азаматтарын Корея Республикасына жұмысқа тарту 2028 жылдан бастадады деп жоспарланып отыр. Оған дейін үкіметаралық өзара түсіністік туралы меморандумға қол қою, сондай-ақ Қазақстанда корей тілінен тестілеу өткізетін EPS-TOPIK орталығын ашу сияқты бірқатар ұйымдастыру іс-шаралары өтеді.

№96 (4994) 15/08/2026 Сенбі

# АУДАН ШЕКАРАЛАРЫ ӨЗГЕРЕДІ

Кеше Астана қаласы мәслихатының кезектен тыс сессиясы өтті. Елорда әкімінің орынбасары Нұрлан Нүркеновтің қатысуымен өткен сессияның күн тәртібіне елорданың дамуына қатысты 15 мәселе енгізілді.



Депутаттар тұрғылықты жері және уақытша болатын жері бойынша тіркеу нормативін бір адамға кемінде 15 шаршы метр пайдалы алаң көлемінде қайта бекітті. Бұл талап отбасы мүшелері мен жақын туыстарына қолданылмайды. Сондай-ақ мемлекеттік мұқтаждықтар үшін жер учаскелері мен жылжымайтын мүлікті алып қоюға байланысты шарттардың жобалары келісілді.

Маңызды шешімдердің бірі – 2026-2028 жылдарға арналған қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту. Құжат атмосферадағы ауаны жақсарту, су нысандары мен экожүйелерді қорғау, елорданың жасыл белдеуін дамыту және қалдықтарды басқару жүйесін жетілдіру шараларын қамтиды.

Сонымен қатар елорда аудандарының шекараларына өзгерістер енгізілді. Сарыарқа ауданының аумағы Нұра ауданының есебінен 369 гектарға, ал Байқоңыр ауданының аумағы Алматы ауданының есебінен 61 гектарға ұлғайды.

Бұдан бөлек, Астананың сәулет келбетін қалыптастыру және қала құрылысын жоспарлау қағидаларына өзгерістер енгізілді. Жаңа нормалар автомобиль жолдарының бойындағы нысандарға қойылатын қосымша талаптарды және инфрақұрылымы жеткіліксіз аумақтарда 2035 жылға дейін жекелеген нысандардың құрылысына шектеулерді қарастырады.

# ЖҮЛДЕГЕРЛЕРМЕН ЖҮЗДЕСТІ

Астана қаласы Дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Василий Левит халықаралық жарыстарда жоғары нәтижеге қол жеткізген елордалық спортшылармен және олардың жаттықтырушыларымен кездесті. Оған академиялық есу, жүзу және суға секіруден әлем және Азия чемпионаттарының жүлдегерлері қатысты.

Елорда спорты үшін айтулы жетістіктің бірі Германияның Дуйсбург қаласында өткен 23 жасқа дейінгі спортшылар арасындағы академиялық есуден әлем чемпионатында тіркелді. Жеңіл салмақтағы жекелей сында өнер көрсеткен Артём Матусевич қола жүлдеге ие болды. Бұл нәтиже – Қазақстан спорты үшін тарихи жетістік. Себебі аталған медаль – еліміздің академиялық есуден U23 әлем чемпионатында иеленген алғашқы жүлдесі.




Елордалық спортшылар Азия додасында да жоғары нәтиже көрсетті. Таиландтың Бангкок қаласында өткен жас ерекшелік топтары арасындағы XII Азия чемпионатында жүзу және суға секіруден елорда өкілдері бірнеше жүлдеге қол жеткізді. Атап айтқанда, Айжан Төребаева жүзуден аралас құрамдағы 4×100 метрлік кешенді эстафетада күміс медаль иеленді. Ал суға секіруден Александр Подлесный бір алтын және екі күміс жүлдеге қол жеткізді. Ол 1 метрлік трамплиннен секіруде үздік нәтиже көрсетіп, Азия чемпионы атанса, мұнарадан және 3 метрлік трамплиннен секіруде екінші орын алды. Жүзуден Александр Мироничев те Азия чемпионатында үш мәрте жүлдегер атанды. Ол 50 метрге баттерфляй әдісімен және 50 метрге еркін стильде жүзуде күміс медаль жеңіп алды. Сондай-ақ Қазақстан құрамасының сапында жасөспірімдер арасындағы 4×100 метрлік кешенді эстафетада екінші орынға ие болды.

Кездесу барысында Василий Левит спортшыларды жетістіктерімен құттықтап, Қазақстанның намысын халықаралық аренада абыроймен қорғағаны үшін алғыс айтты. Сонымен қатар спортшылардың жоғары нәтижеге жетуінде жаттықтырушылар еңбегінің айрықша екенін атап өтті. Спортшылар мен жаттықтырушыларға алдағы жарыстарда сәттілік тілеп, жаңа жеңістерге жете берулеріне тілектестік білдірді.

# ЖАҢАРҒАН ОРТА ЖАНҒА ТЫНЫС

Астанамызда қалалық ортаны абаттандыру бойынша ауқымды жұмыс жүріп жатыр. Әкімдіктің мәліметінше, биыл елордада 173 қоғамдық және аула кеңістігін жаңарту жоспарланған.



Тұрғындарға жақсы таныс базар мен «Асталық» сауда үйінің маңында да елеулі өзгерістер болды. Бұл – елордалықтар көп жиналатын орындардың бірі. Осыдан бірнеше жыл бұрын мұндағы аумақ мүлде басқаша көрінетін: ескі бір қабатты құрылыстар, жасыл желек аз және тұрғындарға жайлы демалыс орны іс жүзінде болмаған. Бүгінде ескі құрылыстардың орнына жайлы қоғамдық кеңістік ашылды. Құрылыс нысандары бұзылғаннан кейін аумағы көгалдандырылды. Ағаштар мен көпжылдық өсімдіктер отырғызылып, жаяу жүргіншілерге арналған жолдар мен демалыс орындары абаттандырылды.

«Бүгінде «Астаналық» маңындағы аумақ – сауда нысандары мен көшелер арасындағы бос кеңістік көгалданып, тұрғындарға жайлы жағдай жасалған, абаттандырылған қоғамдық орынға айналды. Мұндай жобалар елорданың келбетін біртіндеп өзгертіп, бұрын пайдаланылмаған немесе тұрғындар үшін қолайсыз болған аумақтарды қайта жандандырып келеді» делінген хабарламада.

Абаттандыру жұмысы барысында көгалдандыруға, жаяу жүргіншілерге қолайлы бағыттар қалыптастыруға және тұрғындардың қала ішінде жайлы уақыт өткізуіне мүмкіндік беретін орындар құруға ерекше мән беріледі. Бұған дейін Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Астананың қалалық инфрақұрылымын дамыту, абаттандыру және көгалдандыру жұмысын жүйелі түрде жалғастыруды тапсырған еді. Абаттандыру жұмысы елорданың 6 ауданында да жүргізілуде. Соңғы жылдары Астанада 500-ге жуық қоғамдық және аула кеңістігі абаттандырылды.




# ОҚУШЫЛАРҒА КӨМЕКТЕСТІ

Кеше елордадағы Достық үйінде «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы өтті. Іс-шараға ата-аналар мен балалар, мемлекеттік органдар мен қоғамдық қорлардың өкілдері, этномәдени бірлестіктердің, Аналар кеңесінің мүшелері қатысты.

**Аманғали ҚАЛЖАНОВ**

2009 жылдан бері өтіп келе жатқан акцияның негізгі мақсаты – жаңа оқу жылы қарсаңында әлеуметтік тұрғыдан аз қамтылған және көпбалалы отбасылардан шыққан оқушыларға қолдау көрсету. Астанадағы Достық үйі оған жыл сайын белсенді түрде атсалысады.

– Президентіміз айтып кеткендей, барлық бала оқуға тең құқылы. Оларды оқу құралдарымен қамтамасыз ету керек. Мемлекет басшысының бастамасын Астана қаласының әкімдігі қолдап, осындай игі іс-шараны ұйымдастырып отыр. Мектеп табалдырығын жаңадан аттағалы тұрған балдырғандардың қадамы құтты болсын! Оқуға зерек болып, зейіндері ашылсын! Ата-аналарға, ең бастысы, шыдам тілеймін! Себебі бала оқытқан оңай емес. Әр баланың өзінің талабы, ұмтылысы болады. Соны көре алып, әрі қарай дамытуға күш-қуат берсін! Балаларымыз білім алудан шаршамасын! Осындай игі бастамалардың басында жүрейік, – деді Астана қаласы Ішкі саясат басқармасының өкілі Жанна Әбдуәли.

«Жомарт жан» орталығының директоры Хасан Шарипов жаңа оқу жылының басталуына аз уақыт қалғанын айта келе, білім алудың маңызына тоқталды, тілегін жеткізді.

Акция барысында 70 оқушы мектеп сөмкесімен және оқу құралдарымен қамтамасыз етілді.

# ҰСТАЗ ӨНЕГЕСІ ӨШПЕЙДІ

15 тамыз – қазақ әдебиетінің тарихын, әдеби сынын, әдебиеттану ғылымын зерттеуге өлшеусіз үлес қосқан көрнекті ғалым, сыншы, филология ғылымдарының докторы, профессор Тұрсынбек Кәкішұлының туған күні. Осыған орай Қазақстан Республикасының академиялық кітапханасында ғалымның есімі берілген залда ғұламаның ғылыми мұрасын зерделеуге арналған семинар өтті.



**Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ**

Тағылымды басқосуға ғалымның шәкірттері, әдебиеттанушылар мен зерттеушілер, сондай-ақ Тұрсынбек Кәкішұлының көзін көріп, сөзін естіген зиялы қауым өкілдері қатысты. Семинар барысында ғалымның ұлттық әдебиеттану ғылымына қосқан үлесі, әдеби сын тарихын зерттеудегі еңбегі, қалыптастырған ғылыми мектебі мен ұстаздық өнегесі сөз болды.

Семинарды ұйымдастырып, жүргізген, ғалымның қасында жүріп, тәлімін алған шәкірті, ақын Дәулеткерей Кәпұлы қайраткердің өмірі мен жеке тұлғасына қатысты құнды деректер айтса, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы, алаштанушы, ғалымның шәкірті Сағымбай Жұмағұл Тұрсынбек Кәкішұлының ғылыми ізденіс жолындағы жанкештілігін айрықша атап өтті.

– Тұрсынбек Кәкішұлы – ұлттық әдебиеттану ғылымындағы бірегей тұлға. Кеңес кезеңінде әдебиетті ұлттық тұрғыдан зерттеу оңай болған жоқ. Маркстік методология мен еуроцентристік таным үстемдік еткен уақытта Тұрсынбек Кәкішұлы ғылыми ізденіс арқылы осы қасаң шеңберлерді бұзып, ұлттық әдебиеттанудың өзекті мәселелерін ғылыми негізде зерделеді. Тұрсынбек Кәкішұлы – қазақ ғылымына талаптанып келген талай жасқа өз мейірімін, ұстаздық шапағатын төккен, қамқорлық көрсеткен жан, – деді ол.

Келер жылы Тұрсынбек Кәкішұлының туғанына 100 жыл толады. Айтулы датаға орай ғалымның ұлттық руханиятқа, мәдениет пен ғылымға сіңірген еңбегін жан-жақты зерделеуге бағытталған ауқымды жұмыстар қолға алынбақ.

№96 (4994) 15/08/2026 Сенбі

# ТӨРАҒАЛАР ҚОРЫТЫНДЫ ТЕЛЕДЕБАТҚА ҚАТЫСАДЫ

Саяси партиялардың төрағалары 19 тамызда өтетін қорытынды теледебатқа қатысады. Бұл туралы Астанада Орталық сайлау комиссиясының XII отырысында айтылды.




Отырыста күн тәртібіне сәйкес жекелеген сайлау учаскелерінде дауыс беруді бастау мен аяқтаудың басқа уақытын белгілеу, өтініштерді қарау барысы, сайлау алдындағы телевизиялық пікірсайысты ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ сайлауға шет елдер мен халықаралық ұйымдардың байқаушыларын аккредиттеу мәселелері қаралды.

Орталық сайлау комиссиясының төрағасы Нұрлан Әбдіров сайлаушыларға сайлауға қатысуға арналған дербес шақыруларды табыстау жөніндегі тапсырманы жауапкершілікпен орындаудың маңыздылығына ерекше назар аударды.

«Өткен аптадан бері мен және Орталық сайлау комиссиясының мүшелері еліміз бойынша инспекциялық сапарлар жүргізіп келеміз. Бүгінгі күнге дейін 12 өңірде болып, аумақтық және учаскелік сайлау комиссияларының жұмысымен, дауыс беру учаскелерінің материалдық-техникалық жарақтандырылуымен және сайлаушыларды ақпараттандыру бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстармен таныстық» деп атап өтті Нұрлан Әбдіров.

Орталық сайлау комиссиясының отырысында осы сайлау науқанының қорытынды телепікірсайыстарының қалай өтетіндігі туралы да айтылды. ОСК мүшесі Ләззат Сүйіндік атап өткендей, сайлау туралы конституциялық заңның 28-бабына сәйкес, Құрылтай депутаттығына кандидаттардың партиялық тізімдерін ұсынған саяси партиялар Орталық сайлау комиссиясы ұйымдастыратын сайлау алдындағы пікірсайыстарға қатысуға құқылы.

«Пікірсайыстарды өткізудің негізгі қағидаттарының бірі – барлық қатысушылар үшін тең жағдай жасау. Оларды ұйымдастыру және өткізу қағидалары қандай да бір саяси партияға немесе оның кандидаттарына артықшылық бермеуі тиіс. Сайлау алдындағы пікірсайыстар сайлау заңнамасының талаптарына, сондай-ақ Орталық сайлау комиссиясының қаулысымен бекітілген сайлау алдындағы пікірсайыстарды өткізу тәртібі мен шарттарына сәйкес өткізіледі. Осыған байланысты сайлау алдындағы телевизиялық пікірсайыстарды өткізу алаңын, форматы мен шарттарын айқындау бойынша қажетті ұйымдастыру жұмысы жүргізілді. Мәдениет және ақпарат министрлігінің ұсынысы бойынша қорытынды пікірсайыстарды өткізу алаңы ретінде «Хабар» агенттігі» АҚ-ның «24KZ» телеарнасы белгіленді» – деп хабарлады Ләззат Сүйіндік.

«24KZ» телеарнасын таңдау оның техникалық және ұйымдастырушылық мүмкіндіктеріне, сондай-ақ ақпаратты кең ауқымды тарату мүмкіндігіне байланысты екені атап өтілді. Бұл пікірсайыстардың толыққанды телевизиялық трансляциясын қамтамасыз етіп, сайлаушыларды барынша көбірек қамтуға мүмкіндік береді. Бекітілген регламентке сәйкес, дебаттар өзіндік міндеті мен форматты қамтитын 4 раундтан тұрады. Атап айтқанда, «Партияны таныстыру», «Оппоненттерге сұрақтар», «Көрермендерден сұрақтар», «Сайлаушыларға үндеу». Бүгінгі таңда тіркелген 7 саяси партияның барлығы қорытынды телепікірсайысқа өз төрағаларының қатысатынын растады.

# ЖИ ЖӘНЕ САЙЛАУ

Жасанды интеллект сайлау науқандарының жаңа құрамдас бөлігіне айналып, саяси контент өндіру тәсілдерін өзгертіп қана қоймай, сайлау үдерісіне деген сенімге қатысты жаңа тәуекелдерді де туындатып отыр. Бұл туралы ҚР Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты Алматыда ұйымдастырған «Сайлау-2026: саяси науқанның сипаты» сарапшылар алаңында қоғам қайраткері Ерлан Смайлов мәлімдеді.

Сарапшының айтуынша, қазіргі сайлау науқанының ерекшеліктерінің бірі – саяси партиялардың генеративті жасанды интеллект құралдарын белсенді қолдануы. Бұл әсіресе медиаконтент өндіру саласында айқын байқалады. Өйткені жаңа технологиялар контент әзірлеуге кететін уақыт пен қаржылық шығындарды едәуір қысқартуға мүмкіндік береді.

Нейрондық желілерді баяндамалар мен мәтіндер әзірлеуге, партиялардың бағдарламаларын талдауға, үгіт-насихат материалдарын, пікірлерді, кескіндерді, аудио және бейнематериалдарды жасауға пайдалануға болады. Нәтижесінде саяси контент өндіру үдерісі жылдам әрі қолжетімді бола түсуде.

«Жасанды интеллект бүгінде жай ғана жаңа технология емес – ол мемлекеттік күн тәртібінің, қоғамдық пікірталастың және тікелей саяси бәсекенің бір бөлігіне айналып келеді. Бұл үрдіс сайлауалды бағдарламалар деңгейінен-ақ байқалады» деді Ерлан Смайлов.

Сарапшының айтуынша, ЖИ тақырыбы партиялардың теледебаттары



барысында да көтерілуде. Мәселен, саяси партиялардың бірінің бағдарламасында кемінде 5 млн қазақстандықты жасанды интеллект құралдарын қолдануға оқыту және ЖИ негіздерін мектеп бағдарламасына енгізу міндеті қойылған. Бұл жаңа технологияларға деген көзқарастың біртіндеп саяси күн тәртібі мен партиялар арасындағы бәсекенің дербес элементіне айналып келе жатқанын көрсетеді.

Сонымен қатар генеративті жасанды интеллекттің кең таралуы жаңа тәуекелдерді де туындатады. Контент өндірудің жеңілдеуі дезинформация мен дипфейктерді таратуға, сондай-ақ қоғамдық пікірді манипуляциялауға қосымша мүмкіндік береді. Смайловтың айтуынша, мұндай технологиялар жекелеген кандидаттардың, сайлау науқанының және мемлекеттік институттардың беделіне нұқсан келтіру мақсатында пайдаланылуы мүмкін.

«Қазіргі сайлау науқаны жасанды интеллект бірден екі қырынан көрініс табатын алғашқы науқандардың бірі болуы мүмкін: бір жағынан, ол саяси уәделердің тақырыбына айналса, екінші жағынан, саяси күрестің технологиялық құралы ретінде қолданылуда. Сондықтан мәселе енді ЖИ-дің сайлауда қолданылу-қолданылмауында емес, технологиялық даму саяси ақпаратқа және жалпы сайлау үдерісіне деген сенімге нұқсан келтірмеуі үшін оны пайдаланудың қандай қағидалары мен ережелері қалыптасуы керектігінде» деп атап өтті сарапшы.

# АУЫЛ МЕН ҚАЛА: ОРТАҚ МҮДДЕ, ОРТАҚ ДАМУ

**«Ауыл» партиясының сайлауалды бағдарламасының басты ұстанымы – ауыл мен қаланы бөлек қарамай, бір-бірін толықтыратын тұтас экономикалық және әлеуметтік кеңістік ретінде дамыту. Өйткені, ауылдың мәселесін қаладан, ал қаланың болашағын өңірлерден бөліп қарау мүмкін емес.**

АУЫЛҒА ДАУЫС БЕР!

Қаладағы азық-түлік бағасынан бастап мегаполистердегі көлік кептелісіне дейінгі көптеген мәселенің түп-төркіні өңірлердің дамуымен сабақтас. Ауыл әлсіресе – қалаға көші-қон күшейеді. Өндіріс пен логистика жолға қойылмаса – дүкендегі баға өседі. Шағын қалалар мен аудандарда жұмыс болмаса – жастар үлкен қалаларға ағылып, ондағы мектепке, ауруханаға, тұрғын үй мен инженерлік желілерге түсетін салмақ артады.

Сондықтан «Ауыл» партиясының сайлауалды бағдарламасындағы негізгі ұстанымдардың бірі – «Қуатты өңірлер – қуатты орталық». Бұл қағида ауылды қалаға қарсы қоюды емес, екеуінің дамуын бір арнаға тоғыстыруды көздейді.

Ауыл мен қаланың байланысы, ең алдымен, күнделікті дастарқаннан көрінеді. Нан, сүт, ет, көкөніс пен басқа да азық-түліктің артында ауылдағы еңбек тұр. Бірақ өнім өндірушіден тұтынушыға жеткенше бірнеше делдалдың қолынан өтіп, тасымалдау мен сақтау шығындары қосылған сайын оның бағасы да өседі.

«Ауыл» партиясы осы аралықты қысқартуды ұсынады. Бағдарламада қалаларда отандық өндірушілердің өнімін тікелей сататын кооперативтік дүкендер желісін дамыту қарастырылған. Мұндай тетік қос тарапқа да тиімді: фермер тұрақты өткізу нарығына ие болады, ал қала тұрғыны сапалы өнімді қолжетімді бағамен сатып алады. Осы мақсатпен ірі қалалар мен облыс орталықтарының айналасында азық-түлік белдеулерін қалыптастыру мәселесіне де басымдық берілген. Өнімді өсіретін шаруашылық, оны сақтайтын қойма, тарату орталығы және сауда нүктесі бір жүйеге біріктірілсе, тасымал шығыны азайып, маусымдық тапшылықтың алдын алуға мүмкіндік туады.

Қазақстандағы ірі қалалар соңғы жылдары ішкі көші-қонның қысымын анық сезініп отыр. Адамдар жұмыс, білім, медицина және жақсы тұрмыс іздеп мегаполистерге көшеді. Нәтижесінде қалаларда тұрғын үйге сұраныс артады, мектеп пен балабақша жетіспейді, жолдағы көлік көбейеді, коммуналдық және инженерлік желілердің жүктемесі ұлғаяды.

Бұл мәселені тек жаңа мектеп, жол немесе тұрғын үй салумен шешу жеткіліксіз. Оның себебіне үңілу керек. «Ауыл» партиясының ұстанымы осыған саяды: азамат туған жерінен жақсы өмір іздеп кетуге мәжбүр болмауы тиіс. Егер аудан мен шағын қалада тұрақты жұмыс, сапалы мектеп, қолжетімді медицина, интернет, жақсы жол және кәсіп бастауға мүмкіндік болса, адамның таңдау аясы да кеңейеді. Ол ауылда қалуды да, қалаға көшуді де қажеттіліктен емес, өз қалауымен шешеді. Сондықтан, «Ауыл» партиясының бағдарламасында өңірлік инфрақұрылымға бөлінетін қаржыны арттыру, автомобиль жолдарын сапалы күтіп ұстау, инженерлік желілерді жаңғырту және цифрлық қызметтерді кеңейту қарастырылған.

Сонымен бірге партия қалаға қоныс аударған азаматтарды қоғамнан шет қалдырмау қажет деп санайды. Бағдарламада жаңа ортаға бейімделу, жұмысқа орналасу, мемлекеттік қызметтерге қол жеткізу және қала өміріне толыққанды араласу мәселелері де қамтылған. Партия қалаларда цифрлық хабтар мен коворкингтерді дамытуға, мемлекеттік қызметтерді барынша қолжетімді етуге де назар аударады.

Өңірлерден жастардың кетуінің бір себебі – сапалы білім мен жақсы жұмысты тек ірі қаладан табуға болады деген түсінік. Мұны өзгерту үшін білім беру жүйесін еңбек нарығымен жақындастыру қажет.

«Ауыл» партиясы мектептерде жұмыс берушілермен бірлескен бейіндік сыныптар мен оқу-өндірістік бағыттарды дамытуды ұсынады. Бұл жасөспірімге мамандықты тек диплом алар кезде емес, мектеп қабырғасынан бастап саналы таңдауға мүмкіндік береді. Студент жастарға еңбек тәжірибесін жинауға жағдай жасау, елді-мекендер мен қалаларда спорттық және шығармашылық кеңістіктер ашу да осы саясаттың бір бөлігі.

Мәселе жастармен ғана шектелмейді. Цифрландыру жедел жүріп жатқан кезеңде егде жастағы азаматтар да жаңа қызметтерден тыс қалмауы керек. Сондықтан олардың цифрлық сауатын көтеру – мемлекеттік қызметті пайдалану ғана емес, интернет алаяқтарынан қорғанудың да маңызды жолы.

Қай өңірде тұрса да, жас отбасының алдында ұқсас мәселелер бар: баспана, тұрақты табыс, баланың білімі мен қауіпсіздігі. Сондықтан, партия жас отбасыларға, жас мамандар мен әлеуметтік сала қызметкерлеріне арналған қолжетімді тұрғын үй тетіктерін кеңейтуді маңызды деп санайды.

Әйелдер кәсіпкерлігін қолдау, жастардың еңбекке араласуына жағдай жасау, әйелдер мен балаларға қатысты зорлық-зомбылыққа төзбеушілік те бағдарламаның әлеуметтік бағыттарының қатарында.

Ауыл өндірген өнім қалаға керек. Қаладағы ғылым, технология, қаржы мен нарық ауылдың дамуына қажет. Өңірдегі жұмыс орны мегаполистегі көші-қон қысымын азайтса, дамыған қала бүкіл ел экономикасын алға сүйрейді.

Сондықтан, «Ауыл» партиясының жаңа бағдарламасы тек ауыл шаруашылығына арналған құжат емес. Онда азық-түлік бағасынан тұрғын үйге, жолдан цифрландыруға, жастар саясатынан экологияға дейін азаматтардың күнделікті өміріне әсер ететін мәселелер қамтылған. Партияның ұстанымы қарапайым: адамның мүмкіндігі оның ауылда немесе қалада тұруына байланысты болмауы керек.

«Ауыл» партиясы үшін ауыл мен қала – мемлекеттің бірін-бірі толықтыратын қос тірегі.

*Тапсырыс беруші: «Ауыл» партиясы» республикалық қоғамдық бірлестігі*
*«Ауыл» партиясы» республикалық қоғамдық бірлестігі сайлау қорының қаражаты есебінен төленді*

# ӨТКІР ПІКІРТАЛАС ТУЫНДАДЫ

Құрылтай сайлауы алдындағы партиялар командалық теледебатының сауалнама қорытындысы анықталды.

Jibek Joly телеарнасы тікелей эфирі кезінде көрерменге «Қай партия командасының сөзі өтімді?» деген сауал қойылды. Көрермен экранның төменгі жағындағы QR-код арқылы дауыс берді. 2 сағатқа жуық аралықта сауалнамаға 165 153 көрермен қатысқан.

Сауалнаманы «Jibek Joly» телеарнасының тапсырысы бойынша Қазақстандық қоғамдық даму институты жүргізді. Онлайн дауыс беру сайлау учаскесінде берілетін ресми дауыстың орнын алмастырмайды және сайлауға қатысушы партияның ресми рейтингін білдірмейді. Бұл – көрерменнің командалық телевизиялық дебатқа қатысқан партия өкілдерінің жауабы мен белсенділігіне берілген дербес баға.

Теледебаттың басты ерекшелігі – пікірталас командалық форматта өтті, яғни әр партиядан екі спикерден қатысты.

Дебатта 4 раунд болды. Бірінші кезеңде әр партия өкілдері өз ұстанымын ғана емес, бәсекелестерінің бағдарламасына да сыни көзқарасын білдіруге мүмкіндік алды.

Екінші кезеңде көрермен мен журналистер спикерлерге сұрақ қойды. Сауалдың бәрі «Заң мен тәртіп – Әділетті Қазақстанның негізі» тақырыбымен байланыстырылған.

Үшінші раундта әр партия өз таңдауы бойынша өзге партияға сұрақ қойып, өзара пікір таластырды.

Соңғы «Уәде» деп аталатын кезеңде әрбір партия өкілі Құрылтайға сайланған жағдайда атқарылатын істің анық-қанығын баяндады. Белгіленген 2 минут ішінде саяси ұйымдардың алдағы жоспары, бес жылға жоспарланған міндеттері тарқатылды.

Айта кетейік, Құрылтай сайлауы 23 тамызда өтеді. Қазақстандықтардың дауыс беруі арқылы 145 депутат сайланады.

Төлен ТІЛЕУБАЙ

# ЖЕКЕ ДЕРЕКТЕР ҚАЛАЙ ҚОРҒАЛАДЫ?



Ақпарат пен технология ғасырында адам баласының қолымен жасалатын қылмыстың жаңа түрлері пайда болды. Соның бірі – интернет арқылы жеке деректерді сатып, заңсыз табыс табу. Мұны кибералаяқтық деп те атап жүрміз. 2026 жылдың басынан бері ІІМ интернеттегі алаяқтардан зардап шеккен азаматтарға 4,8 млрд теңге қайтарыпты. Ұлттық банк пен ІІМ бірлесіп, аяусыз күрес жүргізіп, 2,6 млрд теңгені заңсыз елден шығарудың жолын кескен. 150 млн-нан астам алаяқтың қоңырауы бұғатталған. Халықаралық call-орталықтар әшкереленіп, ондаған қатысушылар ұсталған. Қазақстандықтардың дербес деректерін заңсыз жолмен таратқан интернет-ресурстар жойылған. Бұл – ресми мәлімет.

### ДЕРЕКТІҢ ДАРКНЕТТЕ САТЫЛҒАНЫ РАС ПА?

Mash Telegram-арнасында 15 млн қазақстандықтың дербес деректері даркнетте (интернеттің жасырын бөлігі) сатылымға шығарылғаны туралы ақпарат шықты. Өткен жылы да қазақстандықтардың 16,3 млн жеке деректері бар басқа база туралы ақпарат тарағаны мәлім. Онда азаматтардың аты-жөні, ЖСН, туған күні, мекенжайы, телефон нөмірі, азаматтығы және басқа да мәліметтері болған. Құзырлы министрлік мемлекеттік деректер базасын тікелей бұзу оқиғасы болмағанын түсіндірді. Бір нұсқада ақпаратқа бөгде адамдар қол жеткізген заңды аккаунттар арқылы жүктеп алынғаны айтылды. Тексеруден кейін белгілі болғаны, бұл деректердің едәуір бөлігі 2022 жылы ұрланған болуы мүмкін. Енді, міне, биыл тағы дербес деректер ұрланды деген ақпарат шығып отыр. Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі бұл ақпаратқа техникалық тексеру жүргізіп жатқанын хабарлады. Оның ішінде ұсынылған деректер үлгілерін талдау және олардың ықтимал шығу көзін анықтау жұмысы жүргізілуде. Құзырлы ведомство электрондық үкіметтің ақпараттық жүйелерінің бұзылғаны және аталған деректер базасының тікелей eGov жүйесінен алынғаны туралы расталған ақпарат жоғын хабарлады.

«Жарияланымдарда көрсетілген ақпараттың бір бөлігі электрондық үкімет деректерінің құрылымы мен форматына сәйкес келмейді. Атап айтқанда, eGov жүйесінде жарияланымдарда көрсетілген форматтағы төлқұжаттардың скан-көшірмелері сақталмайды, ал цифрлық құжаттардың форматы өзгеше. Даркнет пайдаланушысының деректер базасының шығу тегіне қатысты мәлімдемесі eGov жүйесінің бұзылғанын растайтын дәлел бола алмайды» делінген ресми ақпаратта.

### ДЕРЕК САТТЫМ, ПАЙДАҒА БАТТЫМ

Маусым айында Ішкі істер министрлігі ҰҚК-мен және Чехияның бақылаушы органдарымен, полициясымен бірлесіп, ауқымды арнайы операция жүргізді. Соның нәтижесінде алаяқтар дербес деректерге қол жеткізген жабық интернет-ресурс жойылды. Тергеуден мәлім болғанындай, қылмыскерлер тобы алдын ала бүге-шігесіне дейін ойластырылған жоспармен іс-қимыл жасаған. Қылмыстық топтың мүшелері сызбаны үйлестіруден бастап дербес деректерді «қолға түсіру» деп аталатын тапсырысты өңдеуге дейінгі барлық әрекетін асқан сақтықпен іске асырған. Ақшаны ел аумағынан шығаруға және қолма-қол ақшаға айналдыруға дроп-аккаунттарды пайдаланған. ІІМ-нің дерегіне сүйенсек, арам ниеттілер бір реттік сұрау салуды ұсыну және мәліметтер базасына абонент қолжетімділігін көрсету арқылы заңсыз қызмет түрлеріне прайс-парақтар орнатыпты. Бірақ олардың арам ойы іске аспады.

Қазір алаяқтар дербес деректерді әлеуметтік желілер арқылы да сатып жүр. 9 маусымда ҰҚК мен ІІМ Telegram арқылы азаматтардың жеке деректерін сатқан топтың қылмысын әшкереледі. Қазақстандықтардың дербес деректері туралы ақпарат мемлекеттік мәліметтер базасынан алынып, коллекторларға жіберілген. Осы операцияның нәтижесінде 140 адам ұсталып, оның ішінде 5-еуінің қолына кісен салынды. Алаяқтар пайдаланған 400 техника тәркіленді. Қылмыстық кодекстің 3 бабы бойынша қылмыстық іс қозғалды. Бұған дейін Ұлттық қауіпсіздік комитеті Астана мен Алматы қалаларында интернет арқылы азаматтардың дербес деректерін сатқан топты құрықтағаны айтылды. Сол деректерді сатып алушылардың қатарында микроқаржы және коллектор ұйымдарының өкілдері, жекелеген азаматтар болған. Күдіктілердің жұмыс істеген жерлерін тінту кезінде көптеген техника, ақпарат сақтайтын құралдар, ақша тәркіленген. Шілде айында Ақмола облысында тағы бір қылмыстық топтың қылмысы ашылды. Алаяқтар бөтен адамдардың дербес деректерін қолданып, банктер мен шағын қаржы ұйымдарында несие рәсімдеген, заңсыз әрекет нәтижесінде 2 млрд теңге залал келтірген. Сот үкімімен топтың 21 мүшесі 5-тен 10 жылға дейін бас бостандығынан айырылды. Алматыдағы пәтерлер, сондай-ақ, Lexus LX 570, Toyota Land Cruiser 200 автокөліктері және өзге де заттар тәркіленген. Міне, осындай ақпараттарды күн сайын жаңалықтар таспасынан көп кездестіреміз. Демек, мұндай оңай жолмен табыс табатындардың саны азаймай тұр деген сөз.

### НОРМА ЕНГІЗІЛІП, ЖАЗА ҚАТАЙДЫ

Мемлекет азаматтардың дербес деректерін қорғауды қолға алды. Жыл басында Конституциялық реформа жөніндегі комиссияның алғашқы отырысында экс-сенатор Жақып Асанов жеке деректердің қорғалмауы мемлекет қауіпсіздігіне қатер төндіретінін ашық айтты. Смартфон мен интернетке тәуелді өмірімізде азаматтардың деректері алаяқтардың қолына түсіп, заңсыз әрекеттердің нысанына айналғанын мысал етті. Конституциялық кепілдік тек қағазда қалмай, цифрлық кеңістікте де толық сақталуы қажеттігіне тоқталды.

«Азаматтарымыздың құқығын цифрлық әлемде қалай қорғаймыз деген заңды сұрақ туады? Конституцияда жеке өмірге қол сұқпау туралы 18-бап бар. Бірақ ол қабылданған кезде бүгінгідей цифрлық әлемде өмір сүрген жоқпыз. Құжаттарымыз да, ақшамыз да қағаз түрінде қалтамызда жүретін. Ал бүгін телефон өміріміздің ажырамас бөлігіне айналды. Бірақ дәл осы кеңістікте біз қатты осалмыз. Үйде, көшеде жүргенде заң қорғаса, ал смартфонда ондай деңгейдегі қорғаныс жоқ. Жеке дерек қолдан-қолға өтіп, азаматтар алаяқтың жемі болып жатқанын күнде көреміз. Әр адам қайда жүрсе де өзін мемлекет қорғайтынын сезінуі тиіс. Бұл – мемлекеттің тура міндеті» деп түсіндірді ол.

Наурыз айында Үкімет отырысында Премьер-министрдің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиев жаңа Конституцияға қазақстандықтардың дербес деректерін қорғайтын норма енгізілгенін мәлімдеді. Нақты айтқанда, Ата заңымыздың 21-бабында: «Жеке өмірге қол сұғылмау, жеке және отбасылық құпия, дербес деректерді заңсыз жинаудан, өңдеуден, сақтаудан және пайдаланудан, оның ішінде цифрлық технологияларды қолдану арқылы қорғау құқығына заңмен кепілдік беріледі» деп жазылған. Осы норманы жүзеге асыру үшін кодекстер (Әкімшілік құқық бұзушылық, Қылмыстық) мен заңдарды (дербес деректер, киберқауіпсіздік туралы) қоса алғанда, бірқатар заңнамалық актіге өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Құзырлы ведомство жұмысты екі бағытта жүргізуде. Алғашқысы – техникалық жағынан ұйымдастыру іс-шаралары. Елімізде дербес деректерді қорғаудың заманауи құралдары қолданылады, соның ішінде деректерді бүркемелеу мен хэштеу тәсілдері бар. Жаслан Мәдиев бұл қадам деректерді техникалық жағынан қорғауға және рұқсатсыз пайдаланған кезде таралу қаупін азайтуға мүмкіндік беретінін айтады.

«Мемлекеттік деректер базасынан дербес деректерді жүктеп алуға шектеу қойылады. Ақпараттық жүйелерді интеграциялауға басымдық беріледі. Алайда жекелеген, заңмен қатаң белгіленген жағдайларды қоспағанда, мәліметтерді жүктеп алуға тыйым салынады» деп түсіндірді жаңалықты министр.

Мемлекеттік органдарда, жекеменшік секторда өңделетін дербес деректерді ретке келтіру және есепке алу мақсатымен мынадай механизм құрылады: дербес дерек операторларының тізілімі, сенімді шетелдік ақпарат алушылар тізілімі. Екінші бағыт – жауапкершілікті күшейту. Желіні қолданушылар алдындағы ашықтық пен жауапкершілікті арттыру үшін операторлар дербес деректердің таралуы туралы фактілерді уәкілетті органға да, азаматтардың өздеріне де хабарлауға, сондай-ақ, жеке деректі өңдемес бұрын уәкілетті органға жіберуге міндеттеледі. Жеке деректердің жаппай тарап кеткені үшін қылмыстық жауапкершілік енгізу, әкімшілік айыппұл шегін 5000 АЕК-ке (21625000 теңге) дейін көбейту қарастырылуда» деді Ж.Мәдиев.

### МЕМЛЕКЕТ НЕ ІСТЕДІ?

Біріншіден, деректерді сақтаудың нақты мерзімі мен өңдеу ережесі белгіленді.

Екіншіден, eGov Mobile мобильді қосымшасында азаматтардың дербес деректерін өңдеуге келісімін кері қайтарып алу тетігі енгізілді.

Үшіншіден, электрондық цифрлық қолтаңбаны (ЭЦҚ) қорғау жүйесі жетіле түсті. Бұдан былай ЭЦҚ мен парольді жазумен қатар желі қолданушылары бір реттік SMS-кодпен немесе eGov Mobile қосымшасында цифрлық жеке куәлігін көрсету арқылы ғана қызмет түрлерін пайдалана алады. Ұлттық куәландырушы орталық мамандарының пікірінше, мұндай жаңалық рұқсат етілмеген жағдайда жеке жазбалар мен дербес деректерді қорғауға септігін тигізеді.

Төртіншіден, нотариустар азаматтардың дербес деректерін заңсыз пайдаланса, лицензиясынан айырылады. Әкімшілік жауапқа тартылмас үшін олар әр адамның жеке деректерін қолданып болғаннан кейін SMS-хабарлама жіберіп, хабардар етуге міндетті.

### МӘЛІМЕТТЕРДІҢ ТАРАЛҒАНЫН ҚАЛАЙ БІЛЕМІЗ?

Қазақстандықтар өзінің жеке мәліметтері жаппай таралып кеткен жағдайда, одан хабардар болады. Өйткені мәліметтермен жұмыс істейтін операторлардың барлығы мұндай келеңсіздік орын алған жағдайда хабарлауға міндеттеледі. Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі арнайы бұйрық шығарып, ол биылғы 12 шілдеден бастап күшіне енді. Мәселен, жеке деректер қауіпсіздігінің бұзылғаны жөніндегі хабарлама заңсыздық тіркелген сәтте құзырлы ведомствоға электрондық құжат түрінде жіберіледі. Дербес деректер базасының меншік иесі және операторлар сол хабарламада жауапты тұлғаның байланыс нөмірлерін көрсетіп, заңсыздықты жоюға қатысты жасалған іс-шаралар туралы есеп беріп, зардап шеккен адамдар үшін қажетті мәліметтерді ұсынуға міндетті. Бұдан бөлек, киберқауіпсіздікке жауапты бейіндік орталық пен жанжалға жедел әрекет ететін қызметтер анықталған заң бұзушылық іс-қимылдар жөнінде үш сағаттың ішінде ресми хабарлама жасайды. Бұл ақпарат жеткен соң, уәкілетті орган электрондық үкіметтің операторына дербес деректерді қорғау бойынша болуы мүмкін тәуекелдер мен ұсыныстарын жібереді. Өз кезегінде eGov веб-порталдағы жеке кабинет немесе eGov мобильді қосымшасы не SMS-хабарлама арқылы зардап шеккен субъектілерге мәліметтің таралғаны және дербес деректер қауіпсіздігінің бұзылғаны туралы хабарлайды.

Мәліметтер интернетте, әлеуметтік желілерде таралып кеткенін қалай білуге болады? Көпшілігіміз осындай сауалға бас қатырмаймыз. Бұл жерде есте ұстайтын бір нәрсе бар. Кез келген ұйым адамның жеке деректерін пайдаланардың алдында өз келісімін сұрайды. eGov мобильді қосымшасына кіріп, «жеке деректер» деген бөлімнен дербес деректерге келісім беруді бақылау сервисінен қандай ұйымға өз рұқсатыңызды бергеніңіз туралы ақпаратты көре аласыз. Егер сіз қандай да бір компанияға рұқсат бермесеңіз немесе бұдан былай қызметін тұтынбасаңыз, онда жеке деректеріңізді қайтаруға өтініш жазасыз. Ал әлгі компания 15 күннің ішінде деректерді қайтаруға және оны қайта пайдаланбауға міндетті. Егер жеке деректеріңіз интернетте, әлеужеліде таралып кеткеніне күмәндансаңыз, eGov мобильді қосымшасындағы Nomad Guard деген сервистің қызметіне жүгінесіз. Осы сервиске кіріп, жеке сәйкестендіру нөміріңізді жазып, жауап күтесіз. Егер қандай да бір компания интернетте сіздің жеке деректеріңізді таратса я болмаса заңсыз пайдаланса, Nomad Guard-тан алған ақпаратты құзырлы құқық қорғау органдарына жібересіз.

**ЖЕЛІНІ ҚОЛДАНУШЫЛАР АЛДЫНДАҒЫ АШЫҚТЫҚ ПЕН ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ АРТТЫРУ ҮШІН ОПЕРАТОРЛАР ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРДІҢ ТАРАЛУЫ ТУРАЛЫ ФАКТІЛЕРДІ УӘКІЛЕТТІ ОРГАНҒА ДА, АЗАМАТТАРДЫҢ ӨЗДЕРІНЕ ДЕ ХАБАРЛАУҒА, СОНДАЙ-АҚ, ЖЕКЕ ДЕРЕКТІ ӨҢДЕМЕС БҰРЫН УӘКІЛЕТТІ ОРГАНҒА ЖІБЕРУГЕ МІНДЕТТЕЛЕДІ. ЖЕКЕ ДЕРЕКТЕРДІҢ ЖАППАЙ ТАРАП КЕТКЕНІ ҮШІН ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК ЕНГІЗУ, ӘКІМШІЛІК АЙЫППҰЛ ШЕГІН 5000 АЕК-КЕ (21625000 ТЕҢГЕ) ДЕЙІН КӨБЕЙТУ ҚАРАСТЫРЫЛУДА**

## ДҮЙСЕНБІ
### 17 ТАМЫЗ

**QAZAQSTAN**

5:30 Әнұран
5:35 «Көңіл толқыны»
6:05 «Сүйе білсең...» телехикаясы.
7:00 «TAŃSHOLPAN»
9:00 «ЖОҒАЛҒАН ЖЫЛДАР» телехикаясы.
10:10 «Сезім мен серт» телехикаясы.
12:10 «Қызық екен...»
13:10 «Ыстық ұя» телехикаясы.
14:15 «Апта»
14:55 «Ақорда»
15:10 «Жарқын жүздесу»
15:55 «Сен қасымда болмасаң...»
17:20 «ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ»
18:00 «СЕЗІМ МЕН СЕРТ» телехикаясы.
20:00 АҚПАРАТ
20:30 «ӘУЛЕТ ҚҰПИЯСЫ» телехикаясы.
21:25 «Сен қасымда болмасаң...»
22:20 «АШЫҚ АЛАҢ»
23:10 «1001 түн»
0:40 «Қазір айтайық»
1:30 «Ашық алаң»
2:25 «Қызық екен...»
3:10 Әнұран
3:15 «Сүйе білсең...» телехикаясы.
3:55 «Тарих тамыршысы»
4:35 «Жарқын жүздесу»

05:00 «Сені ұмытқан жоқпын». Абай Бегей
07:00 «Оян!»
09:00 «Cover show»
10:00 Телехикая «Гүлдер жыламайды»
13:00 «ОйнаIQ»
14:00 Мультсериал «Турбозавры»
15:00 «Халық таңдауы»
15:30 Телехикая «Келінжан»
19:00 Новости
19:30 Жаңалықтар
20:00 Телехикая «Келінжан»
21:20 Кино «Әкеңнің баласы»
23:00 Телехикая «Ар алдында»
00:45 Телесериал «Райское место»

**ASTANA TV**

06.10 «У каждого своя ложь» телесериал
07.00 «Сарай жауһары» телехикаясы
08.00 «Ханзада Жумонг» телехикаясы
10.15 «Үкім 3» телехикаясы
11.20 «Еркектерге қарсы» телехикаясы
12.30 Көркем фильм
14.10 «Зу-Зу Кұлпаш» телехикаясы
15.15 «Заң аясында»
15.25 «Қолымнан ұста» телехикаясы
17.30 «Сарай жауһары» телехикаясы
19.00 «Astanatimes»
20.00 «Үкім 3» телехикаясы
21.00 «Жаралы жүрек» телехикаясы
22.50 «Сөнбеген жалын» телехикаясы
23.50 «Сарай жауһары» телехикаясы
00.50 «У каждого своя ложь» телесериал

6:00 «ОСОБЕННОЕ ЛЕТО».
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
9:30 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
11:05 «ЖИТЬ ЗДОРОВО»
12:10 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ»
13:10 «МОДНЫЙ ПРИГОВОР»
14:10 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14:30 «НЕЛЮБИМАЯ НЕВЕСТКА».
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:05 «KÖREMIZ-ШОУ»
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:35 «ПОБЕГ В НЕИЗВЕСТНОСТЬ»
1:45 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
2:30 «РАБОТА НАД ОШИБКАМИ».
3:25 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
3:45 «П@УТINA» бағдарламасы

**КТК**

7:00 ҚР ӘНҰРАНЫ
7:05 «КТК ҚОРЖЫНЫ»
7:50 «ӘНІМ СЕН ЕДІҢ»
8:15 «ЗАКИРА», отандық телехикаясы
10:20 «МАРАШАНЕЦ»
12:20 «БЫЛО ДЕЛО»
14:30 «AOOL HOUSE. ОДНАЖДЫ В АУЛЕ!»
